

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ Археология, этнология және музеология кафедрасы



АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

ҚҰРМЕТТІ ӘРІШТЕСТЕР!

Сіздерді «**Жаңа материалдар және археологиялық зерттеу әдістемесі**» атты тақырыпта С.М.Ақынжановтың туғанына 80 жыл толуына орай Бірінші «**Археология: өткені, бүгіні, болашағы**» халықаралық жас ғалымдардың ғылыми-әдістемелік конференциясына қатысуға шақырамыз.

Конференция жұмысына жоғарғы курс студенттері, магистранттар, докторанттар, аспиранттар, ғылыми қызметкерлер және жоғарғы оқу орындарының оқытушылары қатыса алады.

Конференцияның өтетін жері:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Тарих, археология және этнология факультеті, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы 71.

Уақыты: 15-16 ақпан 2018 жыл.

Конференция барысында төмендегі бағыттар бойынша талқылау жұмыстарын жүргізу жоспарланып отыр:

- археологиялық зерттеулер тарихы;
- жаңа материалдар және олардың интерпритациясы;
- археологиялық экспедициялардың далалық материалдары;
- археологиялық мәдениеттер ықпалдастығы мен сабақтастығы;
- археологиядағы қазіргі заманғы әдістер мен тұрғылар;
- археологияның ЖОО-да оқытудың жаңа тұрғылары мен инновациялық әдістері;
- археологиялық нысандарды сақтау және музеефикациялаудың әдістері;
- археология ғылымындағы пәнаралық әдістер;
- қазақстандық көрнекті археологтары жайлы естеліктер мен ой-толғамдар.

Конференция – қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде өтеді.

Конференцияға қатысушылардың қаржылық шығындары өз есебінен немесе жіберуші жақтан төленеді.

Конференцияға қатысу үшін **2019 жылдың 20 қаңтарына** дейін келесі мекен-жайға: **besetaev86@gmail.com** баяндамалардың мәтіндері мен қатысу өтінішін жіберу керек.

БАЯНДАМАЛАРДЫ РӘСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Баяндамалар көлемі А4 форматының 5 бетінен аспауы шарт. Үстіңгі, астыңғы жиектер – 2 см, оң жақ жиек – 2 см, сол жақ жиек – 3 см; шрифт – 12 кегль, Times New Roman гарнитурасында, мәтін аралық қашықтық 1,0 пт интервал. Беттің үстіңгі жағында қалыңдатылған әріппен автордың аты-жөні, оның астында оқу немесе жұмыс орны, дәрежесі, мекеменің орналасқан жері көрсетіледі. Содан бір аралықтан кейін бас әріптермен баяндаманың аты, одан бір аралықтан кейін мәтін берілуі керек.

Беттерге нөмір қойылмайды. Сілтемелер төртбұрышты жақша ішінде беріліп, онда әдебиет қолдану реті бойынша беріледі, беті көрсетіледі (*мысал*: [1, 25 б.]). Мақала соңында әдебиеттер қолдану реті бойынша орналастырылады. Библиографиялық сипаттамасы әдебиет туралы толық мағлұматты қамтуы шарт. Төрт дана сызба түріндегі көрнекіліктер қабылданады. Көрнекіліктер jpg немесе tiff форматында, 300 dpi кем болуы шарт.

Материалдар ұқыпты тексерілген және баяндамаларды рәсімдеуге қойылатын талаптарға дәлме-дәл сәйкес болуы керек. Конференция тақырыбы мен баяндама рәсімдеудің талаптарына сәйкес келмейтін, сонымен қатар көрсетілген уақыттан кейін жіберілген материалдар Ұйымдастыру алқасының шешімімен жинаққа еңгізілмейді. Мақаланың мазмұндық сапасына автор жауап береді.

Қатысу өтініші

1. Аты-жөні (толығымен).
2. ЖОО (факультет, бөлім) немесе ғылыми мекеменің аты (толығымен).
3. Баяндама тақырыбы.
4. Баяндама жасауға қажетті техникалық құрал жабдықтар.
5. Байланыс мәліметтері (мекен-жай, телефон, e-mail).

Ұйымдастыру алқасының мекен жайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, ГУК-3, 4-2, 4-7 кабинеттері.

Өткізілетін іс-шараға байланысты туындайтын сұрақтар мен ұсыныс-тілектеріңізді төмендегі мағлұматтар арқылы хабарласып білдіре аласыздар:

Бесетаев Бауыржан Берканович

Ұялы тел.: 87027913631

e-mail: besetaev86@gmail.com

Құрметпен, Ұйымдастыру алқасы